



сенімді | надежное  
сақтандыру | страхование

**«МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Бараев көшесі, 15

Нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмаудың ықшам ауданы, 15а

Телефон: (727) 258-18-00, 258-18-02; факс: (727) 258-18-01

**КӨЛПК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРІНІҢ  
АЗАМАТТЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ  
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТИ  
САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

«Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ  
Директорлар кеңесімен бекітілген  
«24» желтоқсан 2018 жылғы №02-01/110 хаттама

2019 жылғы 1 қантардан бастап күшіне енеді

Директорлар кеңесінің Төрағасы

Савельев А.Н.



Алматы қ., 2018 жыл

**МАЗМУНЫ:**

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	3
2.	САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ .....	4
3.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ .....	4
4.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАСАУ ТӘРТІБІ .....	4
5.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУІ .....	5
6.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ .....	6
7.	САҚТАНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ .....	7
8.	САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ .....	10
9.	КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯННЫҢ МӨЛШЕРІН АЙҚЫНДАУ .....	14
10.	САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҚ ШЕКТЕРІ .....	15
11.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТАР МӨЛШЕРІ .....	16
12.	САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖУЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ .....	17
13.	ТИКЕЛЕЙ РЕТТЕУ .....	17
14.	САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖУЗЕГЕ АСЫРУДАН БАС ТАРТУ .....	17
15.	ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҮЛГАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ .....	18
16.	ДАУЛАРДЫ ҚАРАУДЫҢ ТӘРТІБІ .....	18
17.	ҚОСЫМША ШАРТТАР .....	19

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ, әрі қарай – «Сақтандырушы», «Көлік құралдары иесінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңы (әрі қарай – Зан), осы Көлік құралдары иелерінің азаматтық- құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері (әрі қарай – Сақтандыру ережелері) және Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде көлік құралдарының иелерімен Көлік құралдары иелерінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын (әрі қарай – Сақтандыру шарты) жасайды.

1.2. Сақтандыру ережелерінде келесі түсініктер қолданылады:

1.2.1. Бағалаушы – бағалаушылар палатасымен берілген «бағалаушы» біліктілігін беру туралы күәлік негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыратын және бағалаушылар палатасы бірінің мүшесі болып табылатын жеке тұлға;

1.2.2. Сақтандырушы – «Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ – сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғага (Пайда алушы) шартпен белгіленген сома шегінде (сақтандыру сомасы) сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte Қазақстан Республикасының аумағындағы сақтандыру қызметтің жүзеге асыруға құқық беретін лицензия алған заңды тұлға;

1.2.3. Сақтанушы – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылуши болып табылады;

1.2.4. Сақтандырылуши – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

1.2.5. Пайда алушы – Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

1.2.6. "Бонус-малус" жүйесі – Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеген кезде осы жүйе бойынша тиісті сыйныпты бере отырып, Сақтанушының (Сақтандырылушиның) кінәсінен сақтандыру жағдайларының болуына немесе болмауына қарай оған арттыратын немесе төмендететін коэффициенттерді қолдану арқылы пайдаланылатын женілдіктер мен үстемеақылар жүйесі;

1.2.7. Жәбірленуші – көлік құралын пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген, оны өтеу жөніндегі міндет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік құралының иесі ретінде Сақтанушыға (Сақтандырылушиға) жүктелген тұлға;

1.2.8. Көлік құралының иесі – көлік құралын меншік құқығымен, шаруашылық жүргізу құқығымен немесе жедел басқару құқығымен не кез келген басқа да заңды негізде (мүліктік жаудау шартымен, құзыретті органның көлік құралын беру туралы өкіміне орай және басқаша) иеленетін жеке немесе заңды тұлға;

1.2.9. Жолаушы – тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша нысанда тасымалдау шартын жасасқан жеке тұлға;

1.2.10. Көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі – жеке және заңды тұлғалардың жоғары қауіптілік көзі ретіндегі көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өтеу міндеті;

1.2.11. Көлік құралын пайдалану – көлік құралдарын жолмен жүру, сондай-ақ жайластырылып немесе ынғайластырылып оларға іргелес салынған және көлік құралдарының қозғалысына пайдаланылатын аумактарда жүру үшін пайдалану;

1.2.12. Көлік օқиғасы – көлік құралын пайдалану процесінде және оның қатысуынан туындаған օқиға, сондай-ақ көлік құралынан ажырап кеткен бөлшектер мен ондағы жүктің қозғалысы нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиян;

1.2.13. Сақтандыру жағдайы – басталуына орай сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін օқиға;

1.2.14. Сақтандыру омбудсманы – "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Занына сәйкес сақтандыру нарығына қатысуышылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;

1.2.15. Сақтандыру сомасы – сақтандыру обьектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

1.2.16. Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жасауға міндептемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндепті ақша сомасы;

1.2.17. Сақтандыру төлемі – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;

1.2.18. Кешенді шарт – сақтандыру полисінде көрсетілген екі және одан да көп көлік құралы бірлігінің иесі болып табылатын жеке тұлғамен жасалатын және бір ғана сақтандырылуышы жеке тұлғага қатысты қолданылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндепті сақтандыру шарты;

1.2.19. Стандартты шарт – сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралының иесі болып табылатын жеке немесе занды тұлғамен жасалатын және бір немесе бірнеше сақтандырылуышы тұлғага қатысты қолданылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндепті сақтандыру шарты;

1.2.20. Тікелей реттеу – көлік оқиғасында жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды Жәбірленушімен көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушы Занда көзделген жауапкершілік көлемі шегінде өтеуді жүзеге асыратын сақтандыру жағдайын реттеу тетігі.

## 2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

2.1. Сақтандырулушы тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматтық зандарында белгіленген, жоғары қауіптілік көзі ретіндегі көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндептіне байланысты мүліктік мүддесі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндепті сақтандыру (бұдан әрі - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндепті сақтандыру) объектісі болып табылады.

## 3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

3.1. Сақтандыру жағдайы – басталуына орай сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға.

3.2. Сақтандыру жағдайы Сақтандыру шартында көрсетілген көлік құралын Сақтандырулушымен пайдалану нәтижесінде жәбірленуші ретінде танылған тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша Сақтандырулушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау фактісі болып табылады.

## 4. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

4.1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндепті сақтандыру Занға сәйкес Сақтанушы мен Сақтандырушуның арасында жасалатын Шарт негізінде жүзеге асырылады.

4.2. Сақтандыру шартында мүліктің тауарлық құнының жоғалтылуын, сондай-ақ жәбірленушінің тауарларды жеткізуіндегі немесе жұмыстарды жүргізуіндегі (қызметтер көрсетудін) мерзімдерін, оның келісім-шарттар (шарттар) бойынша өзге де міндептемелерді бұзыуына байланысты тұрақсыздық айыбын өтеуді қоса алғанда, жәбірленушінің моральдық зиянын және ала алмаған пайдасын өтеуді есептемегендеге, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан туындаған міндептемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

4.3. Сақтандырушуның сақтанушыға Сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқығы жок.

4.4. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндептінен, ал Сақтандыруши сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушыға Сақтандыру ережелерінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндептінен.

4.5. Сақтандыру шарттары мынадай түрлерге бөлінеді:

4.5.1. стандартты;

4.5.2. кешенді.

4.6. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндепті сақтандыру туралы шартты сақтандыруши сақтандыру полисін электронды түрде жазбаша түрде жасайды.

4.7. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндепті сақтандыру шарты сақтандырушиның жазбаша сұрауы бойынша сақтандырушиға немесе сақтандыруши мен сақтандырушиның арасында электронды түрде сақтандырушиның интернет-ресурсын пайдалана отырып ақпарат алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

4.8. Стандартты шарт бойынша бір немесе бірнеше көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылуы мүмкін.

4.9. Стандартты шарт пайдаланылатын көлік құралының әрбір бірлігіне жасалады е:

4.10. Сақтандыру полисінде полис ұстаушы (сақтандырылуши, сақтандыруши) және пайдаланылатын көлік құралдары туралы ақпарат болуы тиіс;

4.11. Стандартты шарт бойынша сақтанушының (сақтандырылушиның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтанушының (сақтандырылушиның) өзінің үшінші тұлғаларға зиян келтіруі салдарынан не:

4.11.1. көлік құралын оны жүргізуге құқылы адам сақтанушының (сақтандырылушиның) қатысуымен жүргізген;

4.11.2. адам көлік құралын сақтанушымен (сақтандырушымен) жазбаша нысанда ресімделген еңбек шарты немесе өзге де шарт негізінде жүргізген;

4.11.3. көлік құралын зансыз иеленген адам, егер келтірілген зиян үшін жауапкершілік Сақтанушыға (Сақтандырылушиға) жүктелсе, көлік құралын жүргізген жағдайда туындаса, сақтандырылған деп есептелінеді. 4.12. Кешенді шарт бойынша екі және одан да көп көлік құралы бірлігінің иесі болып табылатын жеке тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылуы мүмкін.

4.13. Кешенді шарт барлық пайдаланылатын көлік құралдарына жасалады. 4.14. Сақтандыру полисінде полис ұстаушы (сақтандырылуши) - жеке тұлға және оның пайдаланатын көлік құралдары туралы ақпарат болуы тиіс

4.15. Кешенді шарт бойынша сақтанушының (сақтандырылушиның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтанушының (сақтандырылушиның) өзінің үшінші тұлғаларға зиян келтіруі салдарынан не:

4.15.1. көлік құралын оны жүргізуге құқылы адам сақтанушының (сақтандырылушиның) қатысуымен жүргізген;

4.15.2. көлік құралын занға қайши иеленген адам, егер келтірілген зиян үшін жауапкершілік сақтанушыға (сақтандырылушиға) жүктелсе, көлік құралын жүргізген жағдайда туындаса, сақтандырылған деп есептелінеді.

4.16. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартын жасасудың негізі - сақтандыру сыйлықақысын есептеу және сақтанушының, сақтанушының сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын сақтандырушиның мәлімдемесі.

4.17. Сақтандыру полисіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

4.18. Егер сақтандыруши көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартын сақтанушының (сақтандырылушиның) немесе жәбірленушінің жағдайын Занда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасасса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыруши сақтанушының (сақтандырылушиның) және жәбірленушінің алдында Занда белгіленген талаптар бойынша міндептемелер атқарады.

4.19. Міндепті техникалық қарап-тексеру өткізілетін жерлерде және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі үәкілдегі органның бөлімшесінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартын жасасу аталған жерлерде қаржылық көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын, сақтандыру компанияларының агенттік көрсетілетін қызметтерін ұсынатын ұйыммен ғана жүзеге асырылады.

## **5. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУІ**

5.1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндепті сақтандыру шарты сәйкес жәбірленуші деп танылған, оның ішінде зиян келтіруге кінәлі болып табылған сақтанушының

(сақтандырылышының) көлік құралында болған барлық адамдарға қатысты қолданылады, оған мыналар:

5.1.1. осы көлік құралын сақтанушымен (сақтандырылышымен) қызметтік немесе еңбек міндеттерін атқаруға орай, оның ішінде көлік құралының иесімен еңбек немесе өзге де шарт негізінде не сақтанушының (сақтандырылышының) ерік білдіруі негізінде, мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей, оның қатысуымен жүргізген адам;

5.1.2. егер сақтанушы (сақтандырылушки) тасымалдаушы болып табылса, оған Қазақстан Республикасы заң актісінің тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды регламенттейтін талабы қолданылса, жолаушылар;

5.1.3. егер Қазақстан Республикасының заң актілерімен сақтанушыға (сақтандырылушки) жұмыс беруші ретінде қызметкердің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауды кезінде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру міндеті жүктелсе, сақтанушының (сақтандырылушкиның) қызметкерлері кірмейді.

5.2. Сақтандыру шарты көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

5.3. Сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасасылады. Сақтандыру шарты жеке немесе занды тұлғада көлік құралын иелену құқығы пайда болған кезден бастап, бірақ осы көлік құралы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі үәкілетті органның болімшелерінде мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) кезден бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жасасылуға тиіс.

5.4. Сақтандыру шартын осы баптың 5.3-тармағында көзделгеннен өзгеше мерзімге:

5.4.1. көлік құралын маусымдық, бірақ кемінде алты ай пайдаланған кезде;

5.4.2. сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің мәжбурлел таратылатын қатысуышысы-сақтандыру үйымының кредиторларымен (сақтанушыларымен);

5.4.3. Заңың 5-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда, көлік құралының мемлекеттік тіркелуінің алдындағы мерзімге, бірақ кемінде күнтізбелік бес күнге;

5.4.4. көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген жағдайда уақытша кірген бүкіл кезеңге, бірақ кемінде күнтізбелік бес күнге жасасуға жол беріледі.

5.5. Егер Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

## 6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ

6.1. Сақтандыру шарты:

6.1.1. шарттың қолданылу мерзімі біткен;

6.1.2. шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі;

6.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушы бір жұмыс күні ішінде сақтандырушыға және үйимға көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын бұзы туралы деректер базасын қалыптастыру және жүргізу туралы хабарлайды. Бұл ретте көлік құралының иесі (егер жойылмаса) көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың осы мерзімін (түрін) жүзеге асыруға құқылы кез-келген сақтандырушымен жаңа кезеңге міндетті сақтандыру шартын жасасуға міндетті.

6.3. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

6.4. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату үшін сақтанушы (сақтанушы қайтыс болған жағдайда – оның мұрагері (мұрагерлері) сақтандырушыға жазбаша өтініш береді.

6.5. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату және осы сақтандырушымен жаңадан көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушының мына формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бөлігін ұстап қалуға құқығы бар:

**ССБ = СС \* n/N, мұнда:**

ССБ - сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);

СС - сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);

п - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап өтініш берілген құнді қоса алғанда, оны мерзімінен бұрын тоқтатқан кезге дейінгі мерзім (күнмен);

Н - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының жасалған мерзімі (күнмен).

6.6. Сақтандыру ережелерінің 6.3-тармағында көзделген талаптар сақталмаған кезде, сақтандырушиның көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерде ұстап қалуға құқығы бар:

№ p/p	КҚИ ЖМС шарты күшіне енген кезден бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқан кезге дейін өткен мерзім	Сақтандыруши ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан процент есебімен)
1	15 күнге дейін, қоса алғанда	15
2	16 күннен 1 айға дейін, қоса алғанда	20
3	1 айдан 2 айға дейін, қоса алғанда	30
4	2 айдан 3 айға дейін, қоса алғанда	40
5	3 айдан 4 айға дейін, қоса алғанда	50
6	4 айдан 5 айға дейін, қоса алғанда	60
7	5 айдан 6 айға дейін, қоса алғанда	70
8	6 айдан 7 айға дейін, қоса алғанда	75
9	7 айдан 8 айға дейін, қоса алғанда	80
10	8 айдан 9 айға дейін, қоса алғанда	85
11	9 айдан 10 айға дейін, қоса алғанда	90
12	10 айдан 11 айға дейін, қоса алғанда	95
13	11 айдан жоғары	100

## 7. САҚТАНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

### 7.1. Сақтанушы:

7.1.1. сақтандырушидан көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың талаптарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

7.1.2. сақтандыру бойынша бірынғай дереккорды (бұдан әрі - дереккор) қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан міндеттіне сақтандышу жөніндегі мәліметтерді деректер базасына енгізу кіретін сақтандырушиның сақтандышымен жасасқан Сақтандыру шарты туралы мәліметтердің деректер базасында бар екендігі туралы ақпаратты сұратуға құқылы. Осы құқық сақтандырылған адамға да қолданылады;

7.1.3. сақтандыруши келтірген зиян мөлшерін және сақтандыруши жасаған сақтандыру төлемін анықтау нәтижелерімен танысуға

7.1.4. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;

7.1.5. Заңын 29-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушиға немесе сақтандыру омбудсменіне немесе сотқа көлік құралы иесінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша туындастын мәселелерді шешу үшін сотқа жүгіне алады.

7.1.6. өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсменіне, оның ішінде Интернет-ресурс арқылы немесе сақтандыруши арқылы оның филиалы, өкілдігі)

7.1.7. сақтандыру төлемін Занда көзделген жағдайларда алуға құқылы.

7.1.8. сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының азаматтық зандарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

## 7.2.Сақтануыш:

7.2.1. Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға өзі, сақтандыру полисіне енгізілген әрбір сақтандырылуши, көлік құралы (көлік құралдары), қосарланған сақтандыру, көлік құралдарын маусымдық пайдалану, Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кіру және Занда көзделген тәртіппен сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін азайтуға берілген құқық туралы өтінішке енгізу үшін қажетті мәліметтерді және өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын қажетті құжаттардың көшірмелерін ұсынуға;

Сақтандыру сыйлықақыларын көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;

7.2.2 көлік оқиғасының және сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан бастап кідіріссіз, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей, қолдан келетін тәсілмен (ауызша, жазбаша) бұл туралы Сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша түрде расталуға тиіс. Сақтануыш мен Сақтандырылуши бір тұлға болып табылмайтын жағдайларда, көлік оқиғасының және сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлау жөніндегі міндет сақтандырылушуға жүктеледі. Егер Сақтануышының (Сақтандырылушиның) дәлелді себептермен атапған іс-әрекеттерді орындау мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжаттармен растауға тиіс;

7.2.3.көлік оқиғасын жасаған кезде жәбірленушілерге және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі үәкілетті органның қызметкерлеріне Сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушының атауын және орналасқан жерін хабарлауға;

7.2.4.көлік оқиғасы болған кезде ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайларға ақылға қонымды және қолдан келетін шараларды, оның ішінде зардап шеккен адамдардың мүлкін құтқару және оларға көмек көрсету шараларын қолдануға;

7.2.5.көлік оқиғасы және зардап шеккен адамдар туралы тиісті органдар мен ұйымдарға олардың құзыретіне қарай (жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі үәкілетті органның болімшелеріне, мемлекеттік ертке қарсы қызмет органдарына, жедел медициналық жәрдем қызметіне, авариялық қызметтерге) хабарлауға;

7.2.6.көлік оқиғасы жасалған кезде кідіріссіз, бірақ үәкілетті лауазымды тұлғаның жазбаша жолдамасын алған кезден бастап екі сағаттан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну фактісін және мас күйін анықтау үшін медициналық қуәландырудан өтуге;

7.2.7.Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлаған күннен бастап кідіріссіз, бірақ екі жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Жәбірленушіге хабарлауға;

7.2.8.сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

7.3. Сақтандыру шартында Сақтануышының Қазақстан Республикасының зандарына қайшы келмейтін өзге де міндеттері көзделуі мүмкін.

## 7.4.Сақтандыруши:

7.4.1 Сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтануышыдан, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, Занға сәйкес көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың осының алдындағы шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты беруін талап етуге;

7.4.2. тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне орай, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

7.4.3. көлік оқиғасының себептерін және өзге де мән-жайларын анықтауға;

7.4.4.Заңның 16 бабында көзделген жағдайларда, зиян келтіргені үшін жауапты тұлғага, кері талап қоюға;

7.4.5. Заңның 29-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан, сондай-ақ келтірілген зиянды өтеуден Ежелерінің 12-12.1 көзделген тәртіппен толық немесе ішінде бас тартуға құқылы.

7.5. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында Сақтандырушиның Қазақстан Республикасының азаматтық зандарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

### 7.6. Сақтандырушы:

7.6.1. Сақтандырылушины (сақтандырылушины) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын, оның ішінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын тараптардың құқықтары мен міндеттерін таныстыру

7.6.2. көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырылушиға (сақтандырылушиға) 7.6.3. Заңның 20-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінде аталған адамдарға сақтандыру сыйлықақыларын төлеу жөнінде жеңілдік жасауға;

7.6.4. көлік оқиғасы туралы хабар алынған кезде оны кідіріссіз тіркеуге;

7.6.6. Заңда белгіленген мерзімдерде және тәртіппен, Сақтанушының (Сақтандырылушиның) не Жәбірленушінің (Пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініші бойынша мүлікке келтірілген зиянның мөлшеріне есептеу жүргізуге және зиянның мөлшері туралы есепті пайда алушыға танысу үшін ұсынуға;

7.6.7. ақтандыру жағдайының басталу фактісін және Сақтандырушы өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;

7.6.8. сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін Заңда белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде жасауға;

7.6.9. Ережелердің 12 бабында көзделген тәртіппен келтірілген зиянды өтеу туралы жазбаша талаппен өтініш жасалған кезде, Заңда белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде келтірілген зиянды өтеуге;

7.6.10. Сақтанушыдан (Жәбірленушіден, Пайда алушыдан) өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде Сақтанушының (Жәбірленушінің, Пайда алушының) талабын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;

7.6.11 Сақтанушыдан (Жәбірленушіден, Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге;

7.6.12 Сақтанушыға (Сақтандырылушиға) олардың сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатымен жұмсаған шығыстарын өтеуге;

7.6.13. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті;

7.6.14. Сақтандыру шартында Сақтандырушиның Қазақстан Республикасының зандарына қайшы келмейтін өзге де міндеттері көзделуі мүмкін.

### 7.7. Жәбірленуші:

7.1. болуы салдарынан Сақтанушы (Сақтандырылуши) өзіне зиян келтірген көлік оқиғасы туралы сақтандырушиға хабарлауға;

7.7.2. Сақтанушының (Сақтандырылушиның) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды сақтандырушиға табыс етуге;

7.7.3. кез келген медициналық мекеменің қызметін пайдалануға;

7.7.4. Сақтандырушы жүргізген, келтірілген зиян мөлшерлерін айқындаудың және сақтандыру төлемінің нәтижелерімен танысуға;

7.7.5. Жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілуіне кінәлі тұлғаның Сақтандырушинына Заңның 17-бабының 5-1) тармақшасында көзделген тәртіппен осы тұлғаның көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының бар екендігі туралы мәліметтерді (сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын қуәланыратын құжатта көрсетілген болса), көлік құралын мемлекеттік тіркеу нөмірі, нөмірі және жасалған күні) растау туралы жазбаша өтініш жасауға;

7.7.6. сақтандыру жағдайын растайтын құжат болған кезде дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілуіне кінәлі тұлғаның көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру

- шартының бар не жоқ екендігі туралы мәліметтерді (сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеke басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), көлік құралын мемлекеттік тіркеу нөмірі, нөмірі және жасалған күні) ұсыну туралы жазбаша өтініш жасауға;
- 7.7.7. Ережелердің 12 бабында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемін алуға, сондай-ақ келтірілген зиянды өтетуге;
- 7.7.8. көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Заңың 29-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып Сақтандырушыға не Сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 7.7.9. өтінішті және қоса берілетін құжаттарды Сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы не Сақтандырушы, оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;
- 7.7.10. көлік құралының иесіне келтірілген зиянды келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемі сомасынан асатын мөлшерде етегі туралы талап қоюға құқылы.
- 7.7.11. Занда көзделген жағдайларда Жәбірленушінің Ережелердің 7.7. тармағында белгіленген құқықтары пайда алушы ретінде әрекет жасаушы өзге тұлғаларға өтеді.

## 8. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ

8.1. Сақтандыру шартын жасасқан кезде төленуге тиіс жылдық сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін базалық сақтандыру сыйлықақысы пайдаланылады, оған көлік құралының тіркелген жеріне, көлік құралының түріне, Сақтанушының (Сақтандырылуышының) жасына және жүргізу стажына, көлік құралының пайдаланылу мерзіміне, азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған адамдардың кінәсінен сақтандыру жағдайларының болуына немесе болмауына қарай ("бонус-малус" жүйесі) 8.4.-9.12-тармақтарында белгіленген коэффициенттер қолданылады..

8.2. Занда көзделмеген өзге негіздер бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін азайтуға немесе ұлғайтуға жол берілмейді.

8.3. Базалық сақтандыру сыйлықақысы 1,9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді.

8.4. Көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

№ р/р	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы	Көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициент мөлшері (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін)
1	2	3
1.	Алматы облысы	1,78
2.	Түркістан облысы	1,01
3.	Шығыс Қазақстан облысы	1,96
4.	Қостанай облысы	1,95
5.	Қарағанды облысы	1,39
6.	Солтүстік Қазақстан облысы	1,33
7.	Ақмола облысы	1,32
8.	Павлодар облысы	1,63
9.	Жамбыл облысы	1,00
10.	Ақтөбе облысы	1,35
11.	Батыс Қазақстан облысы	1,17
12.	Қызылорда облысы	1,09
13.	Атырау облысы	2,69
14.	Манғыстау облысы	1,15
15.	Алматы	2,96
16.	Астана	2,2
17.	Шымкент	1,01

8.5. 8.4-тармағында көрсетілген облыстардағы өзге де қалалар мен елді мекендер үшін жылдық сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін 0,8 мөлшеріндегі түзету коэффициенті қосымша пайдаланылады.

8.6. Көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайда, тіркеу аумағы бойынша 4,4 мөлшеріндегі коэффициент қолданылады.

8.7. Заңын 5-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларға көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттер қолданылмайды.

8.8. Көлік құралының түрі бойынша коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

№ р/п	Көлік құралының түрі	Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жіктеу	Көлік құралының түрі бойынша коэффициент мөлшері
1	2	3	4
1.	Женіл автомобилдер	"В" - толық массасы 3500 кг аспайтын және жүргізушінің отыратын орнынан басқа отыратын орындарының саны 8-ден аспайтын автомобилдер	2,09
2.	Жолаушылар орны қоса алғанда 16-ға дейінгі автобустар	"Д" - жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізуі отыратын орыннан басқа, 8-ден астам отыратын орны бар автомобилдер	3,26
3.	Жолаушылар орны 16-дан артық автобустар	"Д" - жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізуі отыратын орыннан басқа, 8-ден астам отыратын орны бар автомобилдер	3,45
4.	Жүк автомобилдері	"С" - толық массасы 3500 кг асатын жүк автомобилдері	3,98
5.	Троллейбустар, трамвайлар	Троллейбустар, трамвайлар	2,33
6.	Мотокөлік	"А" - мотоциклдер, мотороллерлер және басқа мотокөлік құралдары	1,00
7.	Тіркемелер (жартылай тіркемелер)	"Е" - көлік құралдарының "В", "С" немесе "Д" санаттарына жататын сүйреуіштері бар көлік құралдарының құрамдары	1,00

8.9. Жеке тұлғалар үшін жасына және жүргізу стажына қарай коэффициент мөлшері мынадай мөлшерде белгіленеді:

№ р/п	Жасы және жүргізу стажы	Жасына және жүргізу стажына қарай коэффициент мөлшері
1	2	3
1.	25 жасқа толмаған/жүргізу стажы 2 жылдан аз	1,10
2.	25 жасқа толмаған/жүргізу стажы 2 жылдан астам	1,05
3.	25 жас және одан үлкен/жүргізу стажы 2 жылдан аз	1,05
4.	25 жас және одан үлкен/жүргізу стажы 2 жылдан астам	1,00

8.10. Занды тұлғалар үшін 8.9-тармагында көзделген коэффициент 1,2 мөлшерінде белгіленеді.

8.11. Көлік құралының пайдаланылу мерзіміне қарай коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

№ p/p	Көлік құралының пайдаланылу мерзімі	Көлік құралының пайдаланылу мерзіміне қарай коэффициент мөлшері
1	2	3
1.	7 жылға дейін, қоса алғанда	1,00
2.	7 жылдан жоғары	1,10

8.12. Сақтандыру мерзімі аяқталған соң тиісті сынып беріле отырып, "бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

Сақтандыру мерзімі басталғандағы сынып	Коэффициент мөлшері	Сақтанушының (сақтандырылушкиның) кінәсінен болған сақтандыру жағдайларының болғаны ескерілген, сақтандыру мерзімінің аяқталуы бойынша сынып				
		0 сақтандыру жағдайы	1 сақтандыру жағдайы	2 сақтандыру жағдайы	3 сақтандыру жағдайы	4 және одан көп сақтандыру жағдайы
1	2	3	4	5	6	7
M сыныбы	2,45	0	M	M	M	M
0 сыныбы	2,30	1	M	M	M	M
1 сыныбы	1,55	2	M	M	M	M
2 сыныбы	1,40	3	1	M	M	M
3 сыныбы	1,00	4	1	M	M	M
4 сыныбы	0,95	5	2	1	M	M
5 сыныбы	0,90	6	3	1	M	M
6 сыныбы	0,85	7	4	2	M	M
7 сыныбы	0,80	8	4	2	M	M
8 сыныбы	0,75	9	5	2	M	M
9 сыныбы	0,70	10	5	2	1	M
10 сыныбы	0,65	11	6	3	1	M
11 сыныбы	0,60	12	6	3	1	M
12 сыныбы	0,55	13	6	3	1	M
13 сыныбы	0,50	13	7	3	1	M

8.13. Сақтанушыға (Сақтандырылушкиға) берілетін "бонус-малус" жүйесі бойынша сыныптың есебі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен жыл сайын жүргізіледі.

8.14. Сақтанушыға (Сақтандырылушкиға) берілген сынып туралы акпараты бар, сақтандыруши деректер базасынан алған сақтандыру есебі сақтандырушиның "бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициенттерді қолдануы үшін негіз болып табылады.

8.15. Деректер базасында Сақтанушы (Сақтандырылушки) туралы акпарат болмаған жағдайда, Сақтанушы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың алдыңғы шартының түпнұсқасын берген жағдайда, Сақтандыруши Сақтандыру шартын жаңа мерзімге жасасу кезінде 8.12-тармағында келтірілген кестеге сәйкес төмендетілген коэффициентті қолданады.

8.16. Сақтандыруши бұл туралы дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі үйымды және уәкілетті органды Сақтандыру шарты жасалған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

8.17. Сақтандыру шартын алғаш рет жасасқан кезде Сақтанушыға 3-сынып беріледі.

8.18. 8.12 тармағында көзделген коэффициенттер азаматтық-құқықтық жауапкершілігі Заңың 98 және 12-баптарының 5-тармағында көзделген жағдайларда басталған жеке тұлғаларға және занды тұлғаларға қолданылмайды.

8.19. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайларда қоспағанда, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндепті сақтандыру шарты он екіншінен айдан аз мерзімге жасалған кезде, көлік құралының бірлігіне сақтандыру сыйлықақысының мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$СС = ЖСС * n/N, \text{ мұнда:}$$

СС - он екі айдан аз мерзімге жасалған көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндепті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);

ЖСС - жылдық сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);

n - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартын мерзімі (күнмен);

N - 365 күн (кібісе жылы 366 күн).

8.20. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайда, көлік құралының бірлігіне сақтандыру сыйлықақысының мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$СС = ЖСС * K, \text{ мұнда:}$$

СС - Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайда, он екіншінен аз мерзімге жасалған көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндепті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);

K - Сақтандыру ережелерінің 8.21-тармағында көрсетілген, Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзіміне байланысты түзету коэффициенті.

8.21. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келу кезеңіне көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартын жасау кезінде мынадай коэффициенттер белгіленеді:

№ р/п	Шет мемлекеттерде тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағында уақытша пайдаланылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндепті сақтандыруды жүзеге асыру кезіндегі сақтандыру мерзімі	Коэффициент
1	15 күнге дейін (қоса алғанда)	0,2
2	16 күннен 1 айға дейін	0,3
3	2 ай	0,4
4	3 ай	0,5
5	4 ай	0,6
6	5 ай	0,65
7	6 ай	0,7
8	7 ай	0,8
9	8 ай	0,9
10	9 ай	0,95
11	10 ай және одан да көп	1

8.22. Кешенді сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы көлік құралының бір бірлігі үшін толенеді, бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралдары үшін белгіленген сақтандыру сыйлықақылары мөлшерінің ең көп шамасына тең болып белгіленеді.

8.23. Стандартты шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы әр Сақтандырылуши бойынша есептеледі және әр Сақтандырылуши бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақылары мөлшерінің ең көп шамасына тең мөлшерде сақтанушының төлеуіне жатады.

8.24. Көлік құралдарының иелері - Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, I және II топтағы мүгедектер, зейнеткерлер стандартты шартты

жасаскан кезде осы Ережелердің 9-тарауына сәйкес есептелген, төленуге тиісті сақтандыру сыйлықақысының елу проценті мөлшеріндегі сақтандыру сыйлықақысын төлейді.

8.25. Егер көлік құралын 8.24-тармағында аталған адамдар санатына жатпайтын басқа иелер де пайдаланатын болса, онда көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру мүндай жеңілдік берілмей жүзеге асырылады.

8.26 Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты болған кезде сақтандыруышының интернет-ресурсында сақтандыруышының қалауы бойынша сақтандыруышыға осы Ереженің 8-бөліміне сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысының он пайзынан аспайтын мөлшерді дисконт беріледі

8.27. Бұл жағдайда көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бір мезгілде сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасын және дисконты қоса алғанда, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін (бар болса) көрсетуі тиіс. 8.25. Сақтандыруышының интернет-ресурсын, оның ішінде сақтандыру агенттері арқылы көлік құралдарының иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу кезінде жеңілдіктерді басқа тәсілмен жүзеге асыруға жол берілмейді.

8.28. Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру сыйлықақысын төлеу жеке тұлғаның біржолы мөлшерінде жүзеге асырылады

8.29. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын біржолы төлеммен төлейді.

8.30. Сақтандыруышы Сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын мерзімін ұзартып төлеуді көздеуге құқылы. Бұл ретте Сақтандыруышы Сақтандыру шартының барлық қолданылу мерзімі ішінде Сақтанушы алдында жауапты болады. Сақтанушының кезекті сақтандыру жарнасын төлемеуі Сақтандыруышы үшін Сақтандыру шартын мерзімінен барлық тоқтатуға негіз болып табылмайды.

8.31. Сақтандыруышы сақтандыруышының интернет-ресурсы арқылы сақтандыру сыйлықақысын ақшасыз түрде төлеуге мүмкіндік береді.

8.32. Кезекті сақтандыру жарнасы уақтылы төленбеген кезде Сақтанушы Сақтандыруышы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

## 9. КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯННЫҢ МӨЛШЕРІН АЙҚЫНДАУ

9.1. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері тиісті үйіншілер берген құжаттар негізінде Заңға сәйкес айқындалады.

9.2. Мұлікке келтірілген зиян мөлшерін Сақтандыруышы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша зиян мөлшерін анықтау туралы өтініштің негізінде он жұмыс күні ішінде анықтайды. Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес сақтандыруышы айқындалады. Мұлік бұлғынға бенефициар бұл мұлікті сақтандыруышыға келтірілген зиян мөлшерін айқындау туралы өтініш берушінің немесе Сақтанушының (Сақтанушының) ұсынғанға дейін, соңдай-ақ аталған өтінішті берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Сақтандыруышыға бұлғынға мұлікті тексеру мүмкіндігін береді.

9.3. Егер сақтандыруышы осы баптың 3-тармағының бірінші белгінде көрсетілген мерзімде келтірілген зиян мөлшерін анықтамаса, полис ұстаушы (сақтандыруышы) немесе жәбірленуші (пайда алушы) немесе олардың әкілдері бағалаушының қызметтерін пайдалана алады және мұлікті қалпына келтіруді (жоюды) бастауы мүмкін. Сақтанушының (сақтандыруышының) немесе зардал шегушінің (пайда алушының) немесе олардың әкілдерінің тартқан бағалау қызметтеріне жұмсалған шығындарды сақтандыру төлеміне қарамастан сақтандыруышы өтейді.

Көлік құралына келтірілген зиян мөлшерін анықтауды 10.2-тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес бағалаушы жүзеге асырады. Бұл мақала.

Бағытушының шығарған көлік құралына келтірілген зиян мөлшерін анықтаудың осы тармактың бірінші белгінде қөзделген жағдайда сақтандыруши жәбірленушіге (пайда алушыға) немесе оның өкіліне сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін қабылданады

**9.4. Сақтандыруши** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актісіне сәйкес айқындалған зиян мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

**9.5. Сақтандыруши** зиян мөлшерін анықтауға байланысты өзінің шығыстары, Бенефициардың сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы емес. **9.6. Сақтандыру** оқиғасын қасақана жасау, сондай-ақ сақтандыру төлемін зансыз алуға бағытталған өзге де алаяқтық әрекеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

## 10. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҚ ШЕКТЕРІ

**10.1.** Бір сақтандыру жағдайы (сақтандыру сомасы) бойынша Сақтандыруши жауапкершілігінің шекті көлемі мынаны құрайды (айлық есептік көрсеткішпен):

**10.2.** әрбір Жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін және ол мыналарға алып келсе:

қаза табуға - 2000;

мүгедектіктің:

I тобы белгіленсе – 1 600,

II тобы белгіленсе – 1 200,

III тобы белгіленсе - 500;

«мүгедек балаға» - 1 000;

мертігуге, жарақаттануға немесе денсаулықтың мүгедектік белгіленбеген өзге де зақымдануына – амбулаториялық және (немесе) стационарлық өмделуге іс жүзіндегі шығыстар мөлшерінде, бірақ 300-ден аспауға;

**10.3.бір** жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 600-ден көп емес;

**10.4.** бір мезгілде екі және одан да көп жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ әрбір жәбірленушіге 600-ден көп емес. Бұл ретте сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері барлық жәбірленушіге 2000-нан аспауға тиіс. Зиян мөлшері Сақтандыруши жауапкершілігінің шекті көлемінен асқан жағдайда сақтандыру төлемі әрбір Жәбірленушіге оның мүлкіне келтірілген зиянға мөлшерлес дәрежеде жүзеге асырылады.

**10.5.** Қаза болуына немесе мүгедектік белгіленуіне әкеп соққан, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі осы Ережелердің 11.2.-тармағында белгіленген сақтандыруши жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшерінде жүзеге асырылады.

**10.6.** Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін Қазақстан Республикасының заң актісіне сәйкес белгіленген сақтандыру төлемі жүзеге асырылған күнгі айлық есептік көрсеткіш пайдаланылады.

**10.7.** Сақтанушиның (Сақтандырылушиның) залалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе Сақтандырушиның нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, егер тиісті шаралар тіпті сәтсіз болса да Сақтандырушиның өтеуіне жатады.

**10.8.** Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеделі, бұл ретте сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген жауапкершіліктің шекті көлемінен аспауға тиіс. Егер шығыстар Сақтанушиның сақтандыруши нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаған болса, олар жауапкершіліктің шекті көлеміне қатыссыз, толық мөлшерде өтеделі.

Көрсетілген шығыстарды Сақтандыруши тікелей шеккен тұлғаға өтейді. Келтірілген зиянды толығымен өтеу үшін жауапкершіліктің шекті көлемі жетпеген кезде Сақтануши жәбірленушіге сақтандыру сомасы мен зиянның нақты мөлшері арасындағы айырманы өтейді.

**10.9.** Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда Сақтандыруши жәбірленушіні жерлеген адамға жуз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жерлеу шығыстарын өтейді.

## 11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІМІ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТАР МӨЛШЕРІ

**11.1.** Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы (Сақтандырылуши) немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға пайда алушының тұргылықты жерін, байланыс телефондарын, банктік деректемелерін (қажет болғанда), сақтандыру төлемін қолмақ-қол ақшамен не банктік шотқа аударым жасау арқылы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттарды қоса тіркей отырып, алу тәртібін көрсетіп, жазбаша нысандада көзды.

**11.2.** Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

**11.2.1.** сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжат;

**11.2.2.** Жәбірленушінің өміріне, денсаулығына зиян келтіру фактісі болған жағдайда жәбірленушінің енбекке уақытша қабілетсіздігінің мерзімі туралы денсаулық сақтау ұйымдары анықтамасының немесе мүгедектік белгіленген жағдайда мамандандырылған мекемелердің жәбірленушіге мүгедектік белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;

**11.2.3.** жәбірленушінің қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі;

**11.2.4.** Пайда алушының зиянды өтеттіру құқығын растайтын құжат (көшірмесі);

**11.2.5.** 9.2-тarmaқта көзделген жағдайда зиян мөлшерін анықтау туралы өтініш. осы ережелер;

**11.2.6.** Пайда алушының жеке басы куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға үшін) немесе занды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы;

**11.2.7.** сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының (Сақтандырылушиның) шығынды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар, олар болған кезде;

**11.3.** Сақтандырушының Сақтанушыдан (Сақтандырылушидан) не жәбірленушіден басқа қосымша құжаттарды талап етуіне жол берілмейді.

**11.4.** Сақтандырушы жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі болмаған кезде, сақтандыру төлемін ішкі істер органдары берген оқиғаның схемасы бар жол жүрісі қағидаларының бұзылғаны туралы хаттама негізінде жүзеге асыруға құқылы;

**11.5.** Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізбесін және олар қабылданған күнді көрсете отырып, екі данада анықтама жасауға міндettі. Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, екінші данасы өтініш берушінің оны алғандығы туралы белгі соғылып, сақтандырушыда қалады.

**11.6.** Жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда - жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес зиянды өтеттіруге құқылы адам), сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылуши) немесе Жәбірленушіге (зиянды өтеттіруге құқылы адамға) келтірілген зиянды Сақтандыру ережелерінде белгіленген Сақтандырушы жауапкершілігінің көлемі шегінде өтеуіші және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге де тұлға Пайда алушы болып табылады.

Мүлікке зиян келтірілген жағдайда осы мүліктің меншік иесі, ал ол қайтыс болған жағдайда зиянды өтеттіруге құқығы бар адамдар жәбірленуші болып танылады.

**11.7.** Жәбірленушінің жазбаша ресімделген өтініші немесе нотариат куәландырған сенімхаты бойынша сақтандыру төлемі тікелей оның денсаулығын және (немесе) мүлкін қалпына келтіру жөнінде қызмет көрсеткен (көрсетуші) тұлғага жүзеге асырылуы мүмкін.

**11.8.** Жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі оған (зиянды өтеттіруге құқылы адамдарға) басқа сақтандыру шарттары бойынша тиесілі сомаға қатыссыз жүзеге асырылады.

**11.9.** Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде Сақтандырушының пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдаудын талап етуге құқығы жоқ.

**11.10.** Сақтандырушы осы мүліктің сақтандыру жағдайы басталған күнгі нарықтық құны мөлшеріндегі сақтандыру төлемін жүзеге асырған жағдайда, оның мүлікті және мүліктің қалдықтарын алуға құқығы бар.

## 12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

- 12.1. Сақтандыруши сақтандыру төлемін Сақтандыру ережелерінің 11-тарауында көзделген құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде төлейді.
- 12.2. Бірнеше Жәбірленушінің мүлкіне зиян келтірілген жағдайда, Сақтандыруши барлық жәбірленушілердің құжаттарын алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде, бірақ басқа сақтандырылғандардың құжаттарды беруіне қарамастан, Сақтандырушиға бірінші болып құжаттарын берген Жәбірленушіден құжаттар алған күннен бастап күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей сақтандыру төлемін бастауға міндетті.
- 12.3. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан оқиғаның нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығы нашарлап кетсе (мүгедектік не мүгедектіктің негұрлым жоғары тобы белгіленсе) не қайтыс болса, онда Сақтандыруши жәбірленушіден (Пайда алушыдан) келіп түскен өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде, сақтандыру төлемінің сомасына Сақтандыру ережелерінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде қайта есептеу жүргізуге міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.
- 12.4. Сақтандыру төлемі уақтылы жұзеге асырылмаған кезде Сақтандыруши пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 12.5. Тұлғага иелерінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары бар бірнеше көлік құралдары зиян келтірілген кезде пайда алушы сақтандыру төлемін олардың әрқайсысынан жеке-жеке алуға құқылы. Әрбір Сақтандыруши сақтандыру төлемін Занда белгіленген жауапкершілік көлемі шегінде және Сақтанушы жауапкершілігіне тең мөлшерде жұзеге асырады. Бұл ретте барлық Сақтандырушилар жасаған сақтандыру төлемінің жалпы сомасы жәбірленушіге келтірілген нақты зиян мөлшерінен және әрбір Сақтандыруши үшін көзделген жауапкершіліктің шекті көлемінен аспауға тиіс.

## 13. ТІКЕЛЕЙ РЕТТЕУ

- 13.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде жәбірленуші немесе жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқығы бар тұлға келтірілген зиянның өтемін алу үшін, кінәсінан сақтандыру жағдайы болған адамның көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты болған кезде, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша жәбірленушінің жауапкершілігін сақтандырған Сақтандырушиға өтініш жасауға құқылы. Зиян келтірілген мүлкітің меншік иесі болып табылмайтын жәбірленуші Занда көзделген тәртіппен кінәсінен сақтандыру жағдайы туындаған адамның сақтандырушисына өтініш жасайды.
- 13.2. Сақтандыруши Заңының 25-бабы 2-тармагының 1), 2), 3), 4), 4-1) және 6) тармақшаларында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде келтірілген зиянды өтейді.
- 13.3. Тікелей реттеу шенберінде Сақтандыруши жұзеге асыратын жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу ол үшін жәбірленушімен жасасқан Сақтандыру шарты және сақтандыру төлемі бойынша міндеттемелердің орындалуы болып табылмайды.
- 13.4. Кінәсінен сақтандыру жағдайы туындаған адамның сақтандыру компаниясы сақтандыру жағдайын реттеген Сақтандырушиға нақты төлеген сомасын өтеп береді.

## 14. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУДАН БАС ТАРТУ

- 14.1. Сақтандыруши, егер сақтандыру жағдайы:
- 14.1.1. қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына септігін тигізетін қасақана іс-әрекеттері;
- 14.1.2. Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе

әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

14.1.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін сондай-ақ:

14.1.4. Пайда алушының шығынның тиісті өтемін шығын келтіруге кінәлі тұлғадан алуы;

14.1.5. Сақтанушының (Сақтандырылушының) көлік құралын жарыстарда, сынақтарда немесе жүргізуі үйретуге арнайы лайықталған орындарда оқыту кезінде пайдалануы;

14.1.6. көлік құралын тиесінде зиян келтіру;

14.1.7. жәбірленушінің мүлкіне ақша, бағалы қағаздар, алтын, күмістен жасалған бұйымдар, құнды заттар, әсемдік бұйымдар, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түрінде зиян келтіру;

14.1.8. жәбірленушінің Заңның 22-бабы З-тармағы үшінші бөлігінің талаптарын бұзуы негіз болуы мүмкін.

14.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер бар кезде сақтандырушы өтінішті және Сақтандыру ережелерінің 11-тарауында көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде өтініш берушіге бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесі келтірілген сақтандыру төлемін толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

14.3. Сақтандыруши, егер сақтандыру жағдайы:

14.3.1.ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті улану әсерінің;

14.3.2.соғыс қимылдарының;

14.3.азамат соғысының, түрлі сипаттағы халық толкуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің салдарынан басталса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

14.3.4.Сақтандыру төлемі сақтандыру полисінде көрсетілген зақымдалған көлік құралы үшін төленбейді.

14.4.Сақтандырушының Сақтандыру ережелерінің осы тарауында көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

## 15. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

15.1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндепті сақтандыру шарты бойынша туындаған даудың болған кезде полис ұстаушы (жәбірленуші, пайда алушы):

15.1.1 сақтандырушыны (оның ішінде филиал, өкілдік, сақтандырушының интернет-ресурстары арқылы) талаптарын және талаптарын растайтын құжаттарды көрсететін жазбаша өтінішті немесе

15.1.2. сақтандыру омбудсменіне (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде интернет-ресурс арқылы немесе оның филиалын, өкілдігін қоса алғанда) немесе сотқа мәжбүрлі автокөлік иелерінің жауапкершілігін сақтандыру шартынан туындастырын дауларды шешу туралы сотқа өтініш жібереді.

15.2. Сақтандыруши (жәбірленуші, пайда алушы) өтінішті алғаннан кейін, сақтандыруши дауды шешудің бұдан арғы процедурасын көрсете отырып, бес жұмыс күні ішінде жазбаша жауап жібереді және қарастырады.

15.3. Сақтандыру полис ұстаушы (жәбірленуші, пайда алушы) сақтандыру омбудсманына қатысты болған жағдайда сақтандыруши полис ұстаушының, жәбірленушінің (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының талабы бойынша дауды қарастыру мен шешуге қатысты құжаттарды үш жұмыс күні ішінде беруге міндетті

## 16. ДАУЛАРДЫ ҚАРАУДЫҢ ТӘРТІБІ

16.1.Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартынан туындастырын дау болған кезде Сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы):

16.1.1.талараптарын көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтінішін Сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге не

16.1.2. көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындастын дауларды реттеу үшін өтінішін Сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандыруши, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе сотқа жіберуге құқылы.

16.2. Сақтандыруши Сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды реттеудің одан кейінгі тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап береді.

16.3. Сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы) Сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, Сақтандыруши Сақтанушының, Жәбірленушінің (Пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

## 17. ҚОСЫМША ШАРТТАР

17.1. Сақтандыруши Сақтанушының келісімі болған кезде Сақтанушыға (Сақтандырылуышыға) зақымдалған көлік құралын жөндеу уақытында көлік құралын беруді, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинау бойынша қызмет көрсетуді, Сақтанушыға көмек көрсету үшін Сақтандыруши өкілінің (авария комиссарының) көлік оқиғасы орнына баруын қоса алғанда, көлік оқиғасы жағдайында көмек көрсетумен байланысты қосымша ақылы қызмет көрсетуге құқылы.

17.2. Қазақстан Республикасының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы зандарын бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жауаптылықта болады.

Прощито и пронумеровано:

- русская версия Правила страхования на 2 листах
- казахская версия Правила страхования на 2 листах

